

PHILIPS

Балалар
құлаққабы

4000 сериялары

ТАК4607



Пайдаланушы нұсқаулығы

Мына мекенжайға өтіп, өнімді тіркеуге және қолдау алуға болады:

www.philips.com/support

Мазмұны

1	Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары	2
	Есту қауіпсіздігі	2
	Жалпы ақпарат	2

2	Bluetooth құлаққабыңыз	3
	Қораптағы заттар	3
	Басқа құрылғылар	3
	Bluetooth сымсыз құлаққабыңызды шолу	4

3	Пайдалануды бастау	5
	Батареяны зарядтау	5
	Құлаққапты мобильді телефонмен жұптастыру	5

4	Құлаққапты қолдану	6
	Құлаққапты Bluetooth құрылғысына жалғау	6
	Қоңыраулар мен музыканы басқару	6
	Ойнату уақытының шегін және дыбыс деңгейінің шегін Philips Headphones қолданбасында орнатуға болады	7

5	Техникалық деректер	9
---	---------------------	---

6	Құлақтандыру	10
	Сәйкестік туралы декларация	10
	Ескі өнім мен батареяны қоқысқа тастау	10
	Ішкі батареяны шешіп алу	10
	ЭМӨ (EMF) талаптарына сәйкестігі	10
	Қоршаған орта ақпараты	11
	Сәйкестік құлақтандыруы	11

7	Тауар белгілері	12
---	-----------------	----

8	Жиі қойылатын сұрақтар	13
---	------------------------	----

1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

Есту қауіпсіздігі



⚡ Қауіп

- Есту қабілетінің зақымдалуын болдырмау үшін құлаққапты жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану уақытын шектеңіз және дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатыңыз. Дыбыс деңгейі неғұрлым жоғары болса, қауіпсіз тыңдау уақыты соғұрлым аз болады.

Құлаққабыңызды қолданған кезде, мына нұсқауларды орындаңыз.

- Қисынды дыбыс деңгейімен шамадан аспайтын уақыт тыңдаңыз.
- Сақ болыңыз, дыбыс деңгейін үнемі арттырмаңыз, өйткені есту қабілеті дыбыс деңгейіне бейімделедеі
- Дыбыс деңгейін айналаңызды ести алмайтын деңгейге дейін жоғарылатпаңыз.
- Сақтықпен пайдаланыңыз немесе қауіпті жағдайларда пайдалануды уақытша тоқтатыңыз.
- Құлаққаптың шамадан тыс дыбыс қысымы керендікке себеп болуы мүмкін.
- Көлік жүргізу кезінде екі құлақты да құлаққаппен жабу ұсынылмайды, ал кейбір аймақтарда бұған мүлде тыйым салынуы мүмкін.
- Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін қозғалыс кезінде немесе басқа қауіпті жағдайларда музыка немесе телефон қоңырауларына алаңдамаңыз.

Жалпы ақпарат

Зақымдануды немесе ақауларды болдырмау үшін:

⚠️ Назар аударыңыз

- Құлаққапқа шамадан тыс жылудың әсер етуіне мүмкіндік беруге болмайды.
- Құлаққаптарыңызды жерге түсірмеуге тырысыңыз.
- Құлаққаптарға сұйықтық тамызуға немесе шашыратуға болмайды. (Тиісті өнімнің IP көрсеткішін қараңыз)
- Құлаққаптарды суға салуға болмайды.
- Коннектор немесе ұя су болғанда құлаққапты зарядтамаңыз.
- Құрамында алкоголь, аммиак, бензол немесе абразивті заттар бар тазартқыштарды пайдаланбаңыз.
- Егер тазалау қажет болса, өнімді тазарту үшін жұмсақ матаны пайдаланыңыз, қажет болған жағдайда минималды су көлемімен немесе сұйылтылған сұйық сабынмен сулаңыз.
- Кіріктірілген батареяны күн сәулесі, от немесе сол сияқты шамадан тыс қызу әсерінен аулақ ұстау қажет.
- Батарея дұрыс емес ауыстырылған жағдайда жарылу қаупі бар. Ауыстырған кезде, дәл сондай батареяны немесе баламасын салыңыз.
- Белгілі бір IP көрсеткішіне қол жеткізу үшін зарядтау ұясының қақпағы жабық болуы тиіс.
- Батареяны отқа немесе ыстық пешке тастау, батареяны механикалық ұсақтау немесе кесу жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Батареяны өте жоғары температуралы ортада қалдыру жарылуға немесе жанғыш сұйықтықтың не газдың ағып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Батарея өте төмен ауа қысымына ие ортада болуы жарылуға немесе жанғыш сұйықтықтың не газдың ағып кетуіне әкелуі мүмкін.

Сақтау температурасы мен ылғалдылығы

- Температура -20 °C (-4 °F) бастап 50 °C (122 °F) дейін, салыстырмалы ылғалдылығы 90% құрайтын жерде сақтаңыз.
- Температурасы 0°C (32 °F) бастап 45 °C (113 °F) дейін, салыстырмалы ылғалдылығы 90% құрайтын жерлерде пайдаланыңыз.
- Температура одан жоғары не төмен болған жағдайда батареяның қызмет ету мерзімі қысқаруы мүмкін.
- Дұрыс емес түрдегі батареяны ауыстыру құлаққаптар мен батареяларға үлкен зиян келтіруі мүмкін (мысалы, литий батареяларының кейбір түрлері үшін).


2 Bluetooth құлаққабы

Сатып алғаныңызбен құттықтаймыз, Philips әлеміне қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/support сайтында тіркеңіз.

Осы Philips құлаққаптарымен мына мүмкіндіктерге қол жеткізесіз:

- сымсыз хендсфри режимінде қоңырау шалу және қабылдау
- сымсыз режимде музыка тыңдау және оны басқару
- қоңыраулар мен музыка арасында ауысу


Қораптағы заттар



Philips TAK4607 сымсыз балалар құлаққабы




Құлақ тығындары x 1 жұп



Жұмсақ сөмке



Type-C зарядтау кабелі (тек зарядтауға арналған)



Қысқаша нұсқаулық



Халықаралық Кепілдік






Қауіпсіздік жадынамасы

Басқа құрылғылар

Bluetooth қолдайтын және құлаққаппен үйлесімді мобильді телефон немесе құрылғы (мысалы, ноутбук, планшет, Bluetooth адаптерлері, MP3 ойнатқыштары және т.б.) (9-ші беттегі «Техникалық деректер» бөлімін қараңыз).

Bluetooth сымсыз құлаққабыңызды шолу



- ① ЖШД (LED) индикаторы
- ② Type C зарядтау ұясы
- ③ Дыбыс деңгейі -
- ④  Қуат түймесі/Дыбыс деңгейі +
- ⑤ Көп функциялы түйме (MFB)

3 Пайдалануды бастау

Батареяны зарядтау

Ескертпе

- Құлаққапты пайдаланбас бұрын, оларды зарядтағышқа қойып, батареяның оңтайлы сыйымдылығы мен қызмет ету мерзімін қамтамасыз ету үшін батареяны екі сағат бойы зарядтаңыз.
- Қандай да бір зақым келтіріп алмау үшін тек түпнұсқалы USB зарядтау кабелін қолданыңыз.
- Зарядтаудан бұрын қоңырауды аяқтаңыз. Құлаққаптарды зарядтау үшін жалғаған кезде, олар өшіріледі.

Бірге берілген Type C зарядтау кабелін мынаған жалғаңыз:


- Құлаққаптағы Type C зарядтау ұясы және;
 - Зарядтағыш/компьютердің USB порты.
- ↳ Зарядтау кезінде ЖШД көк түспен жанады және құлаққаптар толық зарядталған кезде өшеді.

Кеңес

- Әдетте толық зарядтау үшін 2 сағат қажет.

Құлаққапты мобильді телефонмен жұптастыру

Мобильді телефонмен құлаққапты бірінші рет пайдаланбас бұрын, оны мобильді телефонмен жұптастырыңыз. Сәтті жұптастыру құлаққап пен мобильді телефон арасында бірегей шифрланған байланыс орнатады. Құлаққаптар жадында 4 соңғы құрылғыны сақтайды. Егер сіз 4-тен астам құрылғыны жұптастыруға тырыссаңыз, ең алғашқы жұптастырылған құрылғы соңғысымен ауыстырылады.

- 1 Құлаққаптар толығымен зарядталғанына және өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
- 2  түймесін көк ЖШД (LED) жылдам жыпылықтағанша 4 секунд басып тұрыңыз.
↳ Құлаққаптар жұптастыру режимінде 5 минут бойы қалады
- 3 Мобильді телефон қосулы және оның Bluetooth функциясы қосулы екеніне көз жеткізіңіз
- 4 Құлаққапты мобильді телефонмен жұптастырыңыз. Толық ақпаратты мобильді телефоныңыздың пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Келесі мысалда құлаққаптарды мобильді телефонмен қалай жұптастыру керектігі көрсетілген.

- 1 Мобильді телефонда Bluetooth функциясын іске қосып, **Philips TAK4607** құрылғысын таңдаңыз
- 2 Сұралған жағдайда «0000» (4 нөл) құлаққап құпиясөзін енгізіңіз. Bluetooth 3.0 немесе одан жоғары нұсқаларымен жабдықталған құрылғылар үшін құпиясөзді енгізудің қажеті жоқ.



Philips TAK4607

4 Құлаққапты қолдану

Құлаққапты Bluetooth құрылғысына жалғау

- 1 Мобильді телефонды/Bluetooth құрылғысын қосыңыз.
- 2 Құлаққапты қосу үшін Қосу/Өшіру түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ Көк ЖШД 1 секунд жанып тұрады.
 - ↳ Құлаққап автоматты түрде соңғы қосылған мобильді телефонға/Bluetooth құрылғысына қайта қосылады. Егер соңғысы қолжетімді болмаса, құлаққаптар жұптастыру режимінде болады



Кеңес

- Егер сіз мобильді телефонды/Bluetooth құрылғысын қоссаңыз немесе құлаққапты қосқаннан кейін Bluetooth функциясын қоссаңыз, құлаққап пен мобильді телефонды/Bluetooth құрылғысын қолмен қайта жұптастыруға тура келеді.



Ескертпе

- Егер құлаққаптар 5 минут ішінде кез-келген Bluetooth құрылғысына қосыла алмаса, олар батареяны үнемдеу үшін автоматты түрде өшеді.

Қоңыраулар мен музыканы басқару

Қосу/Өшіру

Тапсырма	Түйме	Әрекет
Құлаққапты қосу	Қуат түймесі	2 секунд басып тұрыңыз
Құлаққапты өшіру	Қуат түймесі	4 секунд басып тұрыңыз ↳ Көк ЖШД 1 секунд жанып тұрады

Музыканы басқару

Тапсырма	Түйме	Әрекет
Музыканы ойнату немесе кідірту	MFB	Бір рет басыңыз
Дыбыс деңгейін реттеу	+/-	Бір рет басыңыз
Келесі әуен	+	Ұзақ басыңыз
Алдыңғы әуен	-	Ұзақ басыңыз

Қоңырауды басқару

Тапсырма	Түйме	Әрекет
Қоңырауға жауап беру/тұтқаны қою	MFB	Бір рет басыңыз
Қоңыраудан бас тарту	MFB	Ұзақ басыңыз
Қоңырау кезінде қоңырау шалушыны ауыстыру	MFB	Екі рет басыңыз

Басқа құлаққаптардың индикаторларының күйі

Құлаққаптың күйі	Индикатор
Құлаққаптар Bluetooth құрылғысына қосылған, құлаққаптар күту режимінде немесе музыка тыңдалып жатыр	Көк ЖШД 4 секунд сайын бір рет жыпылықтайды
Құлаққап жұптастыруға дайын	ЖШД көк түспен жылдам жыпылықтайды
Құлаққап қосылып тұр, бірақ ешқандай Bluetooth құрылғысына жалғанып тұрған жоқ	Көк ЖШД 3 секунд сайын екі рет жыпылықтайды. Жалғау мүмкін болмаса, құлаққап 5 минут ішінде өздігінен өшеді
Батарея заряды аз	Көк ЖШД қуат таусылғанша минутына 3 рет жыпылықтап тұрады
Батарея толығымен зарядталды	Көк ЖШД өшіп тұр

Ойнату уақытының шегін және дыбыс деңгейінің шегін Philips Құлаққап қолданбасында орнатуға болады

QR кодын сканерлеңіз/«Жүктеу» түймесін басыңыз немесе Apple App Store не Google Play дүкенінен «Philips Headphones» (Philips құлаққаптары) қолданбасын іздеңіз.



Ойнату уақытының шегі:

- Ойнату уақытын Philips Headphones қолданбасында орнатуға болады.
 - ↳ Құрылғының құлаққапқа қосылғанына көз жеткізіп, Philips Headphones қолданбасында ойнату уақытын орнатыңыз.
- Дыбыс деңгейі белгіленген шегіне жеткенге дейін 10 минут бұрын «Playtime limit enabled» (Ойнату уақытының шегі қосылды) деген дауыстық ескерту ойнатылады.
 - ↳ а) Ойнату белгіленген шекке жеткенде, «Playtime limit enabled» деген дауыстық ескерту пайда болады және құлақпаптардағы музыка кідіріледі. «Playtime limit enabled» деген дауыстық ескерту батарея заряды біткенше әр 10 секунд сайын ойнатылады. Сол уақытта құлаққаппен жұптастырылған құрылғы да кідіріледі;
 - б) Егер сіз қосылған құрылғыдан ойнатуды жалғастырғыңыз келсе, құрылғыдан ажырату үшін құлаққапты өшіріңіз.
- Бір күнде қуат қайта қосылған кезде:
 - ↳ 1. Егер алдыңғы ойнату уақыты шектеуге жетпеген болса, қайта ойнату уақыты алдыңғы сеанстан санауды жалғастырады және а) тармағында сипатталған сипаттамаға сәйкес әрекет етеді.
 - 2. Егер алдыңғы ойнату уақыты шектеуге жеткен болса, ол а) тармағында сипатталған сипаттамаға сәйкес әрекет етеді.
 - 3. Егер сіз ойнату шектеуін қалпына келтіргіңіз келсе, Philips Headphones қолданбасының ойнату уақытының шегі бөлімінде «Ешқашан» мәнін таңдаңыз.
- Келесі күні ойнату уақытының шегі таймері бастапқы қалпына келтіріліп, қайтадан «0» минуттан бастап санайды.

Дыбыс деңгейінің шегі:






- Дыбыс деңгейінің шегін Philips Headphones қолданбасында орнатуға болады:
 - ↳ а) Құрылғының құлаққапқа қосылғанына көз жеткізіп, Philips Headphones қолданбасында дыбыс деңгейінің шегін орнатыңыз.

- Құлаққаптың дыбыс деңгейі Philips Headphones қолданбасында орнатылған дыбыс деңгейінен асып кеткен кезде «Volume limit enabled» (Дыбыс деңгейінің шегі қосулы) деген дауыстық ескертуі қосылады.

1. Егер құлаққаптың дыбыс деңгейі қолданбадағы белгіленген дыбыс деңгейінен жоғары болса, құлаққаптың дыбыс деңгейі әр 1 минут сайын «Volume limit enabled» деген дауыстық ескертуі ойнатылып, дыбыс орнатылған деңгейге дейін азаяды.

2. Егер құлаққаптың дыбыс деңгейі қолданбада орнатылған деңгеймен бірдей немесе одан төмен болса, дыбыс деңгейі өзгеріссіз қалады.

- Құлаққапты өшіріп, қайта қосқан кезде дыбыс деңгейінің шегі қайта қосылады.
- Келесі күні таймер бастапқы қалпына келтіріледі. Оны қайтадан іске қосу үшін дыбыс деңгейінің шегін орнатыңыз.



Ескертпе

1. Параметрлер өзгертілмеуі үшін Philips Headphones қолданбасын ата-аналық құрылғыға орнатыңыз.
2. Егер сіз құлаққапты қолданған кезде дыбысты естімесеңіз, ойнату уақытының шегі іске қосылмағанына көз жеткізіңіз.
3. Ойнату уақытының шегін бір уақытта «Дыбыс деңгейі +» және «Дыбыс деңгейі -» түймелерін 5 секундқа басу арқылы қалпына келтіруге болады. Бұл жағдайда құлаққаптар зауыттық параметрлерге қайтарылады.

5 Техникалық деректер

- Музыка тыңдау уақыты: 5 сағат
- Әңгімелесу уақыты: 4 сағат
- Күту режиміндегі уақыты: 80 сағат
- Зарядталу уақыты: 2 сағат
- Қайта зарядталатын литий полимерлі батареясы (200 мА•сағ)
- Bluetooth нұсқасы: 5.2
- Үйлесімді Bluetooth профилдері:
 - HFP (хендсфри профилі)
 - A2DP (жетілдірілген аудио тарату профилі)
 - AVRCP (аудио мен бейнені қашықтан басқару профилі)
- Қолдау көрсетілетін аудио кодектері: SBC
- Жиілік ауқымы: 2,402 - 2,480 ГГц
- Таратқыштың қуаты: < 10 дБм
- Жұмыс ауқымы: 10 метрге дейін (33 фут)
- 1 микрофон, айнала шуын басу
- Қуатты автоматты түрде өшіру
- Зарядтауға арналған USB-C порты
- Төмен батарея деңгейі туралы ескерту: қолжетімді
- IPX5



Ескертпе

- Техникалық сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

6 Құлақтандыру

Сәйкестік туралы декларация

Осы арқылы MMD Hong Kong Holding Limited өнімнің RED Directive 2014/53/EU директивасына және UK Radio Equipment Regulations SI 2017 No 1206 ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік мәлімдемесін мына сайттан көруге болады: www.philips.com/support.

Ескі өнім мен батареяны қоқысқа тастау



Сіздің өніміңіз қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғарғы сапалы материалдар мен компоненттерден жобаланып жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің European Directive 2012/19/EU директивасымен қамтылғанын білдіреді.




Бұл таңба өнімде European Directive 2013/56/EU директивасымен қамтылған кіріктірілген қайта зарядталатын батарея бар екенін білдіреді, оны кәдімгі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды. Маман қайта зарядталатын батареяны шығарып алу үшін ресми өнімді қабылдау орнына немесе Philips қызмет көрсету орталығына апаруды ұсынамыз. Электірлік және электрондық өнімдер мен қайта зарядталатын батареяларды қабылдайтын жергілікті бөлек жинау жүйесі туралы хабардар болыңыз. Жергілікті ережелерді сақтап, өнімді және қайта зарядталатын батареяларды ешқашан кәдімгі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен қайта зарядталатын батареяларды дұрыс қоқысқа тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсер етудің алдын алуына көмектеседі.

Ішкі батареяны шешіп алу

Егер сіздің елде электронды өнімдерді жинау/қайта өңдеу жүйесі болмаса, құлаққаптарды тастамас бұрын батареяны шығарып, қайта өңдеу арқылы қоршаған ортаны қорғауға болады.

- Батареяны шығарар алдында құлаққаптың ажыратылғанына көз жеткізіңіз.



ЭМӨ (EMF) талаптарына сәйкестігі

Бұл өнім электромагниттік өрістердің әсеріне қатысты барлық қолданылатын талаптар мен ережелерге сәйкес келеді.

Қоршаған орта ақпараты

Барлық қажетсіз қаптама алынды. Біз қаптама үш материалға бөлінуі оңай болуына тырыстық: картон (қорап), көбікполистирол (буфер) және полиэтилен (пакеттер, қорғаныс пенопласт парағы). Сіздің жүйеңіз қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады, ол үшін бөлшектеуді мамандандырылған компания жүргізуі тиіс. Орауыш материалдарды, зарядсызданған батареяларды және ескі жабдықтарды қайта өңдеудің жергілікті ережелерін сақтаңыз.

Сәйкестік құлақтандыруы

Құрылғы FCC ережелері, 15-ші бөліміне сәйкес келеді. Қолдану үшін төмендегі екі талап орындалуы тиіс:

1. Бұл құрылғы зиянды кедергілер тудырмауы керек және
2. Бұл құрылғы кез-келген кедергіні, соның ішінде қажетсіз жұмысты тудыруы мүмкін кедергілерді қабылдауы керек.

FCC ережелері

Бұл жабдық сыналған және FCC ережелерінің 15-бөліміне сәйкес B классындағы сандық құрылғының шектеулеріне сәйкес екені анықталды. Бұл шектеулер тұрғын үй қондырғысында зиянды кедергілерден лайықты қорғауды қамтамасыз ету үшін жасалған. Бұл жабдық радиожиілік энергиясын өндіріп, пайдаланып, сәулеленуі мүмкін және пайдалану нұсқаулығына сәйкес орнатылып пайдаланылмаса, радиобайланысқа зиянды кедергілер тудыруы мүмкін. Дегенмен, белгілі бір орнатуда кедергі болмайтынына кепілдік жоқ. Егер бұл жабдық радио немесе теледидар қабылдауына зиянды кедергі тудырса, оны жабдықты өшіру және қосу арқылы анықтауға болатын болса, пайдаланушыға келесі шаралардың бірі немесе бірнешеуімен кедергіні

түзеуге қолданып көруге болады:

- Қабылдағыш антеннаның бағдарын өзгерту немесе оны басқа жерге қойыңыз
- Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттырыңыз
- Жабдықты қабылдағыш қосылғаннан басқа тізбектегі розеткаға қосыңыз
- Дилерге немесе тәжірибелі радио/теледидар маманына хабарласып, көмек сұраңыз

Сәулеленудің әсері туралы FCC мәлімдемесі:

Бұл жабдық бақыланбайтын орта үшін белгіленген сәулелену әсеріне қатысты FCC шектеулеріне сәйкес келеді. Бұл таратқыш кез-келген басқа антеннаға немесе таратқышқа жақын орналаспауы керек немесе бірге жұмыс істемейі керек.

Назар аударыңыз: Пайдаланушы талаптарға сәйкестігі үшін жауапты тарап мақұлдамаған өзгерістер немесе жетілдірулер үшін пайдаланушы жабдықты пайдалану құқығынан айырылуы мүмкін екендігі туралы ескертілді.

Канада:

Бұл құрылғыда Канаданың инновация, ғылым және экономикалық даму агенттігінің лицензиясынан босатылған RSS талаптарына сәйкес келетін лицензиядан босатылған таратқыш(тар)/қабылдағыш(тар) бар. Қолдану үшін төмендегі екі талап орындалуы тиіс: (1) бұл құрылғы зиянды кедергілер тудырмауы керек және (2) бұл құрылғы кез-келген кедергіні, соның ішінде қажетсіз жұмысты тудыруы мүмкін кедергілерді қабылдауы керек. CAN ICES-003(B)/NMB-003(B)

IC сәулелендіру туралы мәлімдемесі:

Бұл жабдық бақыланбайтын орталар үшін белгіленген сәулелену әсеріне қатысты Канада мемлекетінің шектеулеріне сәйкес келеді. Бұл таратқыш кез-келген басқа антеннаға немесе таратқышқа жақын орналаспауы керек немесе бірге жұмыс істемейі керек.

7 Сауда белгілері

Bluetooth

The Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. компаниясына тиесілі тіркелген тауарбелгілері және мұндай белгілерді MMD Hong Kong Holding Limited компаниясының кез келген пайдалануы лицензия бойынша жасалынады. Басқа тауар белгілері мен сауда атаулары олардың иелеріне тиесілі.

Siri

Siri - АҚШ пен басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі.

8 Жиі қойылатын сұрақтар

Bluetooth құлаққабы қосылмайды.

Батарея деңгейі төмен. Құлаққапты зарядтаңыз.

Bluetooth құлаққаптарын Bluetooth құрылғысымен жұптастыру мүмкін емес.

Bluetooth функциясы өшірілген. Bluetooth құрылғысындағы Bluetooth функциясын қосыңыз және құлаққапты қоспас бұрын Bluetooth құрылғысын қосыңыз.

Bluetooth құрылғысы құлаққапты таппайды.

- Құлаққап одан бұрын жұптастырылған құрылғыға жалғанып тұруы мүмкін. Қосылған құрылғыны өшіріңіз немесе оны әрекет ету аймағынан тыс жерге жылжытыңыз.
- Жұптастыру қалпына келтірілген болуы мүмкін немесе құлаққаптар ертерек басқа құрылғымен жұптастырылған болуы мүмкін. Пайдаланушы нұсқаулығында сипатталғандай құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен қайта жұптастырыңыз. (5-ші беттегі «Құлаққапты мобильді телефонмен жұптастыру» бөліміне өтіңіз)

Менің Bluetooth құлаққаптарым Bluetooth стерео мүмкіндігі бар мобильді телефонға қосылған, бірақ музыка тек мобильді телефон динамигі арқылы ойнатылады.

Мобильді телефоныңыздың пайдаланушы нұсқаулығына жүгініңіз. Музыканы құлаққаптар арқылы тыңдау үшін таңдаңыз.

Аудио сапасы нашар және шыртылдаған шу естіледі.

- Bluetooth құрылғысы желінің әрекет ету ауқымынан тыс. Құлаққап пен Bluetooth құрылғысы арасындағы қашықтықты азайтыңыз немесе олардың арасындағы кедергілерді жойыңыз.
- Құлаққапты зарядтаңыз.

Мобильді телефонның ағындық деректер жіберу кезінде дыбыс сапасы нашар, өте баяу немесе ағындық деректер жіберу функциясы мүлдем жұмыс істемейді.

Мобильді телефон HFP (моно) функциясын ғана емес, сонымен қатар A2DP мүмкіндігін қолдап, BT4.0x (немесе одан жоғары) үйлесімді екеніне көз жеткізіңіз (9-ші беттегі «Техникалық деректер» бөлімін қараңыз).

Мен дыбыс естисем де, Bluetooth құрылғысында музыканы басқара алмаймын (мысалы, ойнату/кідірту/алға/артқа айналдыру).

Bluetooth дыбыс көзі AVRCP мүмкіндігін қолдайтынына көз жеткізіңіз (9-ші беттегі «Техникалық деректер» бөлімін қараңыз).

Құлаққаптың дыбыс деңгейі тым төмен.

Кейбір Bluetooth құрылғылары дыбыс деңгейін синхрондау арқылы дыбыс деңгейін құлаққаптармен байланыстыра алмайды. Бұл жағдайда тиісті дыбыс деңгейіне жету үшін Bluetooth құрылғысындағы дыбыс деңгейін өзіңіз реттеуіңіз керек.

Құлаққапты басқа құрылғыға жалғай алмай отырмын, не істеуім керек?

- бұрын жұптастырылған құрылғының Bluetooth функциясы өшіп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Екінші құрылғыда жұптастыру рәсімін қайталаңыз (5-ші беттегі «Құлаққаптарды мобильді телефонмен жұптастыру» бөлімін қараңыз).

Қосымша қолдау алу үшін www.philips.com/support сайтына өтіңіз



2022©MMD Hong Kong Holding Limited. Барлық құқықтар қорғалған.

Техникалық сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Philips және the Philips Shield Emblem, Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген тауар белгілері және лицензия бойынша пайдаланылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның еншілес компанияларының бірі өндіріп, компания жауапкершілігімен сатылады және MMD Hong Kong Holding Limited осы өнімге қатысты кепілгер болып табылады. Барлық басқа компания және өнім атаулары олар байланыстырылған сәйкес компаниялардың сауда белгілері болуы мүмкін.

UM_TAK4607_00_KK_V2.0

Үлгі: TAK4607LX

